

**«№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
кітапханасының 2024-2025 оқу жылы
атқарған жұмыстарының талдауы**

Көкшетау-2025

Есепті жылдағы жұмыс қорытындысы, жұмысты талдау.

Мектеп кітапханасы тікелей кітапханалық функцияларды орындап қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытуға және оқырмандардың шығармашылығын ынталандыруға үлес қоса отырып, білім беру кеңістігінде жетекші орын алады.

Кітапхана жұмысы жылдық жоспар мен «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасының жоспары бойынша жүргізілді. Бағдарлама бойынша оқу жылына іс-шаралар жоспары құрылды. «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы.

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасының мақсаты: Балалардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты: Еліміздің білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен мәдениеттің қалыптасуы.

Тапсырмалар:

1. «Оқуға құштар мектеп» және «Біртұтас тәрбие» жобаларына қатысу арқылы балалардың кітап оқу мәдениетін, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту және сақтау, отансүйгіштік сезімін ояту және ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау;

2. Отбасылық кітап оқуды насихаттау;

3. «Оқуға құштар мектеп» және «Біртұтас тәрбие» жобаларының мақсатына жету үшін оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, кітапханашылардың жұмысын біріктіру.

Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте балаларды оқуға ынталандыратын білім беру ортасы құрылды. Мұндай ортаның негізгі сипаттамалары:

- ақпараттың қанықтығы;
- оқушылардың ақпаратқа еркін қол жеткізуі;
- мектептің дамытушы және білім беру кеңістігі;
- сыныптан тыс жұмыстардың мазмұнын тереңдету және кеңейту.

Мектеп кітапханасы жоспарда берілген шараларды толық орындады. Кітап оқу - кітапхана жұмысының әртүрлі формалары мен әдістері арқылы насихатталды.

Қыркүйек айынан бастап «Алақан мектеп» жүйесі толтырылды. Бағдарлама 1-11 сынып оқулықтарымен – 100%, 2020 жылдан бастап алынған көркем және салалық әдебиеттермен – 100% толтырылды.

Қала мектептерінің мұғалімдері арасында қалалық қоғамдық ұйымының ұйымдастыруымен кітапханашылар мен мұғалімдер жыл бойы оқыған кітаптарын талқылауға қатысатын «Ақылды кітаптар» оқу клубы бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Қала мұғалімдері осы шараға белсене қатысты.

Биылғы оқу жылында мектебімізде 10 сәуір күні «Ақылды кітаптар» оқу клубы ұсынған кітаптарды оқуды аяқтауға арналған кітап клубының отырысы өтті. Талқылауға Борис Пилняктың «Сөнбеген ай туралы хикая» кітабы алынды. Мұғалімдер мен кітапханашылар модератор болып, автор туралы мәлімет, кітап туралы қысқаша мағлұмат, шығарма туралы қызықты сұрақтар дайындады. Клуб отырысы шығармашылық жағдайда жақсы өтті.

Мерзімді басылымдарға жазылу жыл сайын жүргізіледі. Биыл – 290 000 теңге жұмсалды. Бұл республикалық газет-журналдардың 34 данасы, оның ішінде балаларға арналған мерзімді басылымдардың 12 данасы. Барлық жазылым басылымдары тігілген және жақсы жағдайда сақталған.

Қаржыландыру цикліне сәйкес жанартылған оқу бағдарламасы бойынша 3 және 9-сыныптарға арналған жаңа оқулықтар және 9-11-сыныптар оқулықтарының қосымша тапсырысы бойынша алынды.

Мектеп оқушылары оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді.

Кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіштері.

Жыл	Жинақ көлемі (көркем әдебиет, салалық, оқу әдебиеті)			Оқырмандар саны	Келу саны	Шығарылған кітаптар саны
	Барлығы	Оқу әдебиеті	Өнеркәсіп, өнер, әдебиет			
2022 – 2023 жылдар	34641	21493	13148	1116	9998	32917
2023 – 2024 жж	35840	22601	13239	1129	11613	35806
2024 – 2025 жж	32034	21612	10422	1118	11715	36143

Кітапхана оқырмандарының саны тұрақты. Бастауыш мектеп оқушыларының кітапхана оқу залына келу белсенділігі жоғары екені анықталды. Олар негізінен 1-4 сынып оқушылары. Бірінші сынып оқушылары кітапханамен танысуға келді. Олар кітапханаға жазылған балаларға арналған мерзімді басылымдарды оқиды. Жоғары сынып оқушылары кітапханаға белсенді түрде келіп, бағдарламалық жұмыстарды, көркем әдебиетті және кітапхана қорына қосылған жаңа заманауи кітаптарды оқуға сұраныс болды.

Жинақ сапасын арттырудың қажетті шарты басылымдарды жүйелі түрде есептен шығару болып табылады. Кітапхананың жалпы қоры есептен шығаруға байланысты қысқарды. Биылғы оқу жылында 5002 дана 4 613 569 теңге оқулықтар мен салалық әдебиеттер есептен шығарылды. Оқулықтар: 2112 дана барлығы 4272519 теңге, салалық әдебиеттер 2890 дана барлығы 341050 теңге.

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында кітапхана қоры жаңа әдебиеттермен толықты. Қала бюджеті арқылы орыс және шетел авторларының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі кітаптарын алынды. Кітапханашылар оқушыларды жаңа кітаптармен таныстырды. Бұл кітаптар өз оқырмандарын табады деп сенеміз.

Кітапхана қызметінің салыстырмалы (сапалық) көрсеткіштері.

Оқу жылы	Оқуға қабілеттілік	Қайтымдылық	Қатысу	Кітаппен қамтамасыз ету
2022 – 2023 жылдар	29	0,9	8,9	11,7
2023 – 2024 жж	31	0,9	10,2	11,7
2024 – 2025	32	1,1	10,4	9,3

Мерзімді басылымдарға жазылу жыл сайын жүргізіледі. Биыл – 290 000 теңге жұмсалды. Бұл республикалық газет-журналдардың 34 данасы, оның ішінде балаларға арналған мерзімді басылымдардың 12 данасы. Барлық жазылым басылымдары тігілген және жақсы жағдайда сақталған.

Қаржыландыру цикліне сәйкес жанартылған оқу бағдарламасы бойынша 3 және 9-сыныптарға арналған жаңа оқулықтар және 9-11-сыныптар оқулықтарының қосымша тапсырысы бойынша алынды.

Мектеп оқушылары оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді.

Кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіштері.

Жыл	Жинақ көлемі (көркем әдебиет, салалық, оқу әдебиеті)			Оқырмандар саны	Келу саны	Шығарылған кітаптар саны
	Барлығы	Оқу әдебиеті	Өнеркәсіп, өнер, әдебиет			
2022 – 2023 жылдар	34641	21493	13148	1116	9998	32917
2023 – 2024 жж	35840	22601	13239	1129	11613	35806
2024 – 2025 жж	32034	21612	10422	1118	11715	36143

Кітапхана оқырмандарының саны тұрақты. Бастауыш мектеп оқушыларының кітапхана оқу залына келу белсенділігі жоғары екені анықталды. Олар негізінен 1-4 сынып оқушылары. Бірінші сынып оқушылары кітапханамен танысуға келді. Олар кітапханаға жазылған балаларға арналған мерзімді басылымдарды оқиды. Жоғары сынып оқушылары кітапханаға белсенді түрде келіп, бағдарламалық жұмыстарды, көркем әдебиетті және кітапхана қорына қосылған жаңа заманауи кітаптарды оқуға сұраныс болды.

Жинақ сапасын арттырудың қажетті шарты басылымдарды жүйелі түрде есептен шығару болып табылады. Кітапхананың жалпы қоры есептен шығаруға байланысты қысқарды. Биылғы оқу жылында 5002 дана 4 613 569 теңге оқулықтар мен салалық әдебиеттер есептен шығарылды. Оқулықтар: 212 дана барлығы 4272519 теңге, салалық әдебиеттер 2890 дана барлығы 341050 теңге.

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында кітапхана қоры жаңа әдебиеттермен толықты. Қала бюджеті арқылы орыс және шетел авторларының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі кітаптарын алынды. Кітапханашылар оқушыларды жаңа кітаптармен таныстырды. Бұл кітаптар өз оқырмандарын табады деп сенеміз.

Кітапхана қызметінің салыстырмалы (сапалық) көрсеткіштері.

Оқу жылы	Оқуға қабілеттілік	Қайтымдылық	Қатысу	Кітаппен қамтамасыз ету
2022 – 2023 жылдар	29	0,9	8,9	11,7
2023 – 2024 жж	31	0,9	10,2	11,7
2024 – 2025	32	1,1	10,4	9,3

Жоғарыдағы кестеден кітапхана жұмысының көрсеткіштері жақсы екенін көруге болады, бұл кітапхана жұмысының тиімділігін анықтайды.

Жұмыс «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жүргізіліп, республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалғасын тапты. Осы оқу жылында айтулы даталарға сәйкес кітап көрмелеріне әдебиеттер қойылды:

Конституция күніне орай «Ата Заң – Конституция» көрмесі дайындалды. Кітап көрмесінің мақсаты – Қазақстан Республикасының Конституциясымен және басқа да құқықтық құжаттармен таныстыру.

Тілдер апталығына «Тілге құрмет – елге құрмет» көрмесі әзірленді.

Қыркүйек айында «Қызыл кітап беттері арқылы» атты кітап көрмесімен таныстыру өтті. Ұсынылған кітаптар оқушыларды жойылып бара жатқан құстар мен жануарлардың ерекше түрлерімен таныстырды. Оқушылар «Қызыл кітап беттері арқылы» бейнефильм көрсетілімін тамашалады.

Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына (1924 ж. 19 қазан) кітапхана «Ер есімі – Ел есінде» атты көрме ұйымдастырды. Көрменің мақсаты – Ұлы Отан соғысының батыры Р.Қошқарбаев туралы білімдерін кеңейту.

Республика күніне орай, «25 қазан – Қазақстан Республикасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда Қазақстанның тарихы мен мәдениеті, республиканың демократиялық жолмен басқарылатын мемлекет ретінде қалыптасу тарихы туралы әдебиеттер қойылды. Көрменің мақсаты – егеменді Қазақстанның Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қалыптасу тарихын таныстыру, сондай-ақ Қазақстан мемлекеті туралы кітап басылымдарын кеңінен насихаттау.

Оқырмандарды кітапханаға тарту үшін кітапханашылар сыныптан тыс оқуға арналған көрме дайындады. Олар демалыс кезінде оқуға болатын қызықты шығармалар. Сыныптан тыс оқу – ой-өрісін кеңейтуге, әдеби шығармаларды терең түсінуге, қиялды дамытуға мүмкіндік беретін білім берудің маңызды бөлігі.

Қазақстанның Тәуелсіздік күніне орай кітапхана «Егеменді және тәуелсіздік Қазақстан» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге қойылған кітаптарда тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы алдындағы қайғылы оқиғалар баяндалады. Қазақстанның қалыптасу жолы мен жеткен жетістіктерін баяндайтын кітаптардың ішінде: М.Қозыбаев «Киелі тәуелсіздік», Х.Әбжанов «Тәуелсіз Қазақстан», бес томдық «Қазақстан тарихы» жинағы және т.б. бар.

Біздің Қазақстан ұлы тұлғаларды мақтан тұтады. Солардың бірі – ақын Фариза Оңғарсынова. Кітапханашылар қазақ ақынының 85 жылдығына орай «Сұлтан Фариза Оңғарсыновтың поэзиясы» атты кітап көрмесін жасады. Көрмеде кітаптар мен анықтамалық материалдар қойылған. Мақсаты: Ф.Оңғарсынованың шығармашылығын насихаттау, өмірі мен шығармашылығымен таныстыру.

Қысқы каникулда оқырмандарды тарту мақсатында кітапханада сыныптан тыс оқуға арналған «Книги жмурки» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітаптар қалың қағазға оралғандықтан, оқырман қай кітапты

таңдағанын көре алмайды. Көрменің мақсаты – кітап оқуға және жақсы кітапқа деген қызығушылықты арттыру.

Оқырмандарды қосымша әдебиеттермен тиімді қамтамасыз ету және кітаптарды кеңінен насихаттау мақсатында кітапхана «Қысқы кітаптар» атты көрме ұйымдастырды. Кітапханашылар сюжеттері таңғажайып қыс мезгіліне арналған шығармалардың QR кодтарын орналастырған қолғаптар дайындады. Оқушылар смартфондарына кітаптарды жүктеп алып, мәтінмен танысты.

Кітапханада қазақтың көрнекті жазушысы Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған «Ұлттық рухтың шырағы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар көрсетілді, оқырмандарды І.Есенберлиннің танымал шығармаларымен таныстырды.

Мереке қарсаңында кітапхананың оқу залында «Наурыз» атты тақырыптық көрме қойылды. Кітап көрмесі Наурыз мейрамының шығуы, мазмұны мен мәні туралы баяндауға бағытталған.

Балалар кітабы апталығы аясында кітапхана «Халықаралық балалар кітабы күні» атты кітап көрмесін ұсынды. Ол балаларды ертегілермен, күлкілі әңгімелермен, балаларға арналған өлеңдермен, қазіргі балалар әдебиетінің жана шығармалармен танысуға шақырды.

7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күнінің 80 жылдығын мерекелеу қарсаңында кітапханада «Есімізде жылдар бойы, ғасырлар бойы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазіргі ұрпақ сұрапыл соғыста бейбітшілікті қорғаған жауынгерлерді, қорғаушыларды ризашылықпен еске алады.

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні. Кітапханашылар «Кітап даналығы отбасын біріктіреді» атты кітап көрмесін жасады. Кітап беттерінде отбасы, балалар, аталар мен әжелер, ағалар мен әпкелер туралы күлкілі де, қуанышты көрсететін әңгімелер болды. Отбасы тақырыбын қозғайтын әдебиеттерді оқу баланың эмоционалдық әлемін, қиял-ғажайып ой-өрісін, адамгершілік құндылықтарын дамыту, дүниетанымының негіздерін қалыптастыру үшін үлкен маңызға ие екі сөзсіз. Балаларды осындай әдебиеттермен таныстыра отырып, ата-аналар мен мұғалімдер баланың ішкі жан дүниесін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар өмірге қажетті құндылық бағдарларын қалыптастырады.

Балаларға кітап оқудың сүйкімділігін көрсету, кітап оқуды басты қажеттілікке айналдыру, оларды кітапты сүйеге баулу мақсатында түрлі іс-шаралар түрінде бұқаралық жұмыстар жүргізілді.

1. Қоғамдық-саяси бағытта. Қазақстан туралы. Жергілікті тарих.

«Бір ел - бір кітап» акциясы аясында кітапханада Б.Сокпақбаевтың 100 жылдығына арналған сабақ өтті. Оқушыларды жазушының өмірбаянымен таныстырдық. «Кітаппазл» әдісі арқылы мәтінмен жұмыс істеу дағдылары қалыптастырдық. Талқылауға Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабы алынды.

17 қазан күні Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен бірлесіп Әйтеке бидің 380 жылдығына орай «Әйтеке бидің шешендігі» атты тарихи кеш ұйымдастырдық. Іс-шара оқушыларға Әйтеке бидің шешендігі туралы